



OTAN SAQSHYSY

№18 (6154) 03 мамыр 2025 жыл
ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ



ҚҰРМЕТТІ ШЕКАРАШЫЛАР, ЖАУЫНГЕР ДОСТАР! АРДАҚТЫ ШЕКАРАШЫ АРДАГЕРЛЕР!

Сіздерді ҰҚК Шекара қызметі Әскери кеңесінің және өз атымнан,
7 мамыр — Отан қорғаушылар және 9 мамыр — Ұлы Жеңіс күн-
дерімен құттықтаймын!

Бұл — елдің ертеңі үшін өмірін арнаған ерлердің ерлігін дәріптей-
тін, жүрекке рух, санамызға серпін беретін тарихи сәттер.

Ұлы Отан соғысы жеңімпаздарының мұрагерлері — әскерлеріміз
елдің айбыны, тәуелсіздіктің тірегі. Ал шекара — мемлекетіміздің
қасиетті шебі. Оны күзету — ер жүректі, Отанға шексіз берілген
азаматтардың үлесіне бұйырған ұлы міндет.

Сіздердің күні-түні толастамайтын қызметтеріңіз — елтыныштығы
мен ұрпақ болашағы үшін жасалып жатқан шынайы ерлік!

Биыл біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын ерекше
тебіреніспен, терең тағзыммен қарсы алып отырмыз. Шекара ай-
мақтарында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған 80 игі іс-шара өтті.
Мектептерде ашылған «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубта-
рының мүшелері мәңгілік алау бастарында Құрметті қарауылға тұрды.

Майдан даласында мерт болғандар мен бүгінгі күні көзі тірі ар-
дагерлердің алдында біз — мәңгі қарыздармыз. Қазақстандық жауынгерлер бізге тек Жеңіс әкеліп қойған
жоқ, олар — бүгінгі Тәуелсіздіктің негізін қалады! Сондықтан, Ұлы Жеңіс мерекесі — әрбір қазақстандықтың
жүрегінде сақталып қалуға тиіс.

Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, елге еткен еңбектеріңізге табыс, сарқылмас рух пен қуат
тілеймін!

Құрметпен,
ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары —
Шекара қызметінің директоры
генерал-майор

Е. АЛДАЖҰМАНОВ



«ЖЕҢІС
ЭСТАФЕТАСЫ»
— ҚАЗАҚ
ЖЕРІНДЕ

2



ТАРБАФАТАЙ
ТАУЫ БӨКТЕРІНДЕГІ
АҚЖАР!

4



ЖАС САРБАЗ
ОТАН АЛДЫНДА
АНТ БЕРДІ

9

«ЖЕҢІС ЭСТАФЕТАСЫ» – ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ

Отты жылдардың соңғы нүктесін қойған Ұлы Жеңістің 80 жылдығына санаулы күндер қалды. Отан үшін от кешіп, ерлік дастанын өз қолдарымен жазған қазақстандық жауынгерлерді қалай ұмытайық. Сосын да Белоруссия елінің Брест қорғанынан шыққан Жеңіс эстафетасы Өскеменге келді. Осы жерден Аягөз қаласына жеткізілген капсуланы Абай облысы бойынша департаментінің шекарашылары қабылдап алған. Әрі қарай, Жетісу облысы бойынша департаменті. Осыдан кейін Алматы қаласының мәңгілік алауының басына табан тіреген Эстафета осы жерден бірден қазақ-қырғыз шекарасына қарай бет түзеген...



... «Уба» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесі арқылы Өскемен қаласына келген Жеңіс эстафетасын Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің жеке құрамы салтанатты саппен қарсы алды. Бұл жерде соғыс ардагерлері мен қаладағы орта мектептердің оқушылары да жауынгерлік киімдерімен сапта. Диктордың қуатты дауысынан кейін Ресей Федерациясының шекарашылары полковник С.Бершбаев бастаған әскери қызметшілерге Жеңіс эстафетасы символын салтанатты жағдайда тапсырды.

Осыдан кейін Ұлы Отан соғысының боздақтарына арналған Данқ мемориалына гүл шоқтары қойылып, жауынгерлер рухына тағзым етілген соң салтанатты рәсім қаладағы облыстық филармониясының концерттік залында жалғасты. Соғыс жылдарынан патриоттық әндер шырқалып, 80 жылдық тарихы бар Ұлы Жеңіс ұлықталды.

24 сәуір күні шығысқазақстандық шекарашылар Брест қорғанының қасиетті топырағы салынған капсуланы Абай облысы бойынша департаментіндегі әріптестеріне табыс етті.

... Семей қаласының Жеңіс саябағына жеткізілген Эстафетаға арналған рәсімге қала халқы да қатысып, соғыстан қайтпай қалған батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды. Бұдан әрі Тәуелсіз Қазақстанның Туы ортаға шығарылып, еліміздің Әнұраны орындалды. Атап айтарлығы, капсуланы көтеріп жүру құрметін Кеңестер

Одағының Батыры Қ.Қамзиннің шөбересі, өзінің азаматтық борышын Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасында өтеп жүрген мерзімді қызметтің сарбазы, қатардағы жауынгер Е.Қамзин иеленді. Соңы мерекелік концертке ұласқан шарадан кейін эстафеташылар тобы Аягөз қаласына жолға шықты.

Мұнда оларды ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің шекарашылары күтіп тұрған болатын. Әрі қарай, Қазақстанның Туын желбіреткен жетісулық әріптестер капсуланы Үшарал қаласына жеткізді.

...Үшарал қаласындағы шараға Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамымен бірге мектеп оқушылары, әскери саланың ардагерлері қатысты. Алдымен осындағы Ұлы Отан соғысының жеңімпаздарына қойылған ескерткіштің басына гүл шоқтары қойылып тағзым етілген соң қалың жұртшылық З. Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйіне бет алды.

Салтанатты шарада аудан өнерпаздары мен шекарашылар рухты әндерді әуелетіп, Ұлы Жеңісті ұлықтады.

Алматы қаласы. 27 сәуір. 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағы. Халықаралық «Жеңіс эстафетасын» көтерген жетісулық шекарашыларды Алматы облысы бойынша департаментінің шекарашыларымен бірге «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелері салтанатты саппен қарсы алды.

...Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза

тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алудан басталған рәсімге қатысушылар мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды. Бұдан әрі Белоруссияның Брест қорғанынан келіп жеткен капсуланы ұлықтауға арналған шара да басталған.

Алматы облысы бойынша шекара басқармасының бастығы полковник А.Қаюпов:

– Бүгін – жүректерге үміт, тарихқа тағзым болған қасиетті күн. Бұл – қанмен келген, жанмен қорғалған, рухпен ұрпаққа жеткен Ұлы Күн.

Жеңіс жолы Белоруссиядағы Брест қорғанынан басталды. Ал сол жолда – ең алғашқы оқ атылып, ең алғашқы қарсылықты көрсеткен – шекарашылар еді. Олар соңғы деміне дейін шайқасты. Олар бізге Отанды қалай сүю керек екенін көрсетті.

Бүгін сол Жеңіс эстафетасы қазақ жеріне – бейбітшілік пен батырлықтың бесігіне жетіп отыр. Еліміздің оңтүстік астанасы – Алматыда, 28 гвардиялық панфиловшылар саябағында бұл шараның өтуі – тектен тек емес. Бұл – ерлік рухының жалғасуы. Бұл – шекарашылар үшін үлкен мәртебе, – деді.

Шараның соңы ҰҚК Шекара қызметі ән-би ансамблінің отаншылдық рухқа арналған концерттік бағдарламасына ұласты.

Әрі қарай, «Жеңіс эстафетасының» капсуласы қайта жолға шықты. Эстафеташылар тобын ҰҚК Шекара қызметі

Жамбыл облысы бойынша департаментінің әскери қызметшілері Алматы мен Жамбыл облыстарының түйіскен жерінде күтіп алды. Дәл осы жерден Брест қорғанының топырағы салынған капсула қазақ-қырғыз шекарасын басып өтіп, көрші әріптестерге табыс етіледі.

...Көрші қырғыз елінен арадағы шекараның бойында орналасқан Қордай ауданының орталығына келіп жеткен Жеңіс эстафетасын қарсы алу рәсіміне Жамбыл облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары полковник Саят Шубаев, аудан әкімдігімен бірге жергілікті құзырлы органдардың өкілдері қатысты.

Мұнда да Ұлы Отан соғысының жеңімпаздарына тағзым етілген соң кезек мерекелік концертке берілген. Келесі күні подполковник Нұрбек Орақов бастаған эстафеташылар тобын Қырғыз еліндегі шекарашы әріптестер «Қордай» шекаралық бақылау бөлімінің аумағында қарсы алды. Осы жерден қазақстандық шекарашылардың миссиясы аяқталып, капсула көрші елдердің шекара бойы арқылы 9 мамыр күні Ресей астанасы Мәскеудің Қызыл алаңына жететін болады.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суреттер өңірлік департаменттерден алынды.



УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!


Руководство, сотрудники Оперативной пограничной группы ФСБ России в Республике Казахстан искренне поздравляют Руководство, военнослужащих и ветеранов Пограничной службы Казахстана с Днем Защитника Отечества Республики Казахстан и 80-й годовщиной Победы братских народов в Великой Отечественной войне!

9 мая 1945 года по праву является историческим событием, над которым не властно время, это день когда наши народы, ценой колоссальных жертв сокрушили сильного, беспощадного врага и защитили общую Родину. Пограничники первыми приняли на себя удар нацистских полчищ и сорвали планы захватчиков.

Мы всегда будем помнить о беспримерной доблести и мужестве фронтовиков, кто шел навстречу смерти в боях во имя спасения Отечества, о тружениках тыла, кто своим героическим трудом приближал Победу, о тех, кто поднимал страну из руин. Это день окончания общей борьбы и напоминания о том, что довелось пережить людям в суровые дни Великой Отечественной войны.

Пусть память об этой Победе и дальше живет в сердцах граждан России и Казахстана, служит примером героизма, стойкости и ратного труда для всех поколений защитников.

Желаем вам, вашим семьям, родным и близким мира, добра, крепкого здоровья, благополучия и дальнейших успехов в вашей профессиональной деятельности!



Оперативная пограничная группа ФСБ России в Республике Казахстан

ҚЫРАҒЫ КҮЗЕТ ШЕБІНДЕГІ КЕЛЕС

Келес ауданы - Түркістан облысының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. 2018 жылдың 5 маусымы күні өз тарихында төртінші рет қайта құрылған әкімшілік-аумақтық бөлік. Орталығы – Абай ауылы.

Подполковник Мұхтар Адамбеков басшылық жасайтын «Келес» шекара бөлімі ағымдағы жылдың 11-31 наурызы аралығында Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің аумағында өткен «Түркістан-3/25» шекара операциясы кезінде шекаралық аймақта бекітілген тәртіп пен Мемлекеттік шекараның тұтастығын қамтамасыз ету, сонымен қатар заң талаптарының бұзылуының алдын алу жұмыстарын белсенді жүргізді.

Сарыағаш қаласы мен оған жақын елдімекен тұрғындарына ақпараттық қағаздарды таратып елдің тыныштығы үшін бірлесіп жұмыс жасаудың артықшылығын халық арасында үгіттей білді. Шекара бөлімі жеке құрамды тасымалдауға жаңадан техникалармен жарақталып, заман талабына сай мемлекеттік шекараны күзетуге күшейту құралдарынан түнгі көру аспаптары мен көру құралдарымен

Еліміздің оңтүстігіндегі мемлекеттік шекара күзетінде ширек ғасыр уақыттан бері дамылсыз қызмет етіп келе жатқан сарыағаштық шекарашылардың дамылсыз еңбегін тоқтаусыз айтсақ та аздық етеді. Себебі, Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының құрылу тарихы да өзгеше. Сонымен біз бүгін Түркістан облысы «Келес» ауданы Қазақстан елді мекенінде орналасқан «Келес» шекара бөлімінің қызметі туралы айтамыз.



шекара шебін үздіксіз күзету жұмыстарын абыроймен атқаруда.

«Келес» шекара бөлімінің бастығы подполковник Мұхтар Адамбековтің ұйымдастыруымен мемлекеттік шекараны күзетуде біршама инженерлік жұмыстар жүргізіліп мемлекеттік шекараны бұзудың алдын-алу мақсатында шекара учаскесіне қолдан жасалған манекен - құрылғылар қойылған. Әскери қызметшілердің ауа-райының күрт өзгеруі салдарынан мемлекеттік шекараны күзету бұйрығын толыққанды орындауы үшін арнайы қызмет атқару орындары жасақталды.

2024 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің қорытындысы бойынша «Келес» шекара бөлімінің жеке құрамы 65 мемлекеттік шекара режимін бұзушы, 887 көші-қон заңнамасын бұзған адамның жолына тоқсауыл қойды.



Майор Р. НҰРМЕТ.
«OS-ЧР». Сурет
шекара
бөлімшесінен.

ТАУ КҮЗЕТІНДЕГІ САҚШЫЛАР

Алтыбай тауының етегінде, аспанмен таласқан көкжиекке таяу бір биік шоқының құшағында, шежіреге айналған ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Шолақ» шекара бөлімшесі орналасқан. Аңызға сенсек, баяғыда осы тау ішінде бір жабайы аң оң аяғын ауыр жаралап алып, шолақтанып қалған екен. Сол күннен бері халық бұл жерді «Шолақ» деп атап кеткен.



Таулы мекен бүгінде еліміздің қасиетті шекарасын күзететін нағыз ержүрек сарбаздардың мекені. Олар үшін тау суының салқыны да, биіктіктің оттегі жұтаң ауасы да тосқауыл емес. Қастерлі шекара шебін күзеткен әр жауынгердің жүрегінде қызметке деген адалдық орын алған.

Шолақ бөлімшесінің жауынгерлері күн сайын 1500-2500

метр биіктікте, қалың орман мен көк күмбездің арасында қырағылықпен қызмет атқарады. Қоршаған табиғатпен үнде-се өмір сүреді: арқарлар мен таутекелердің таудағы жүрісін бақылап, қоңыр аю мен барыстың іздерін шекара аумағынан кездестіріп тұрады. Бұл өңірдегі аң-құстардың көбі Қызыл кітапқа енген - олардың мекенін қорғау да

шекарашылардың парызы.

Сап түзеген сақшылар басшыларынан күнделікті жауынгерлік тапсырмаларын алып, қызметке шығады. Аға лейтенант Бейбарыс Байшин басшылық еткен ұжым - тәртіп пен жауапкершіліктің үлгісі. Ол жас болса да, білім мен батылдықты ұштастыра білген офицер. Орынбасарлары – тәрбие жұмыстарына жауапты лейтенант Әділжан Қуаныш пен бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Абдрахман Бақытжанұлы - жастарға өнеге көрсетіп келеді.

Бөлімшенің жауапты лауазымдарын абыроймен атқарып келе жатқан әскери қызметшілері: кіші сержант Азамат Айтхан мен кіші сержант Роман Склярлов сынды шекара сақшыларының күнделікті қызметі - шекара қауіпсіздігінің алтын арқауы. Азаматтың қызметтік иті «Флай» да тапқырлығымен ерекшеленіп, бірнеше мәрте Достық шекара бөлімінің үздік кинологы атанған.

«Шолақ» шекара бөлімшесінің әскери ұжымы тек қырағылықпен ғана ерекшеленбейді. Жергілікті малшылармен де үнемі байланыста. Әр ай сайын түсіндіру сабақтары өтіп, шекаралық тәртіпті бұзбау жөнінде жиындар ұйымдастырады. Кішкентай ғана ауылдың азғантай тұрғыны шекарашылардың сенімді серігі.

Шекара бұзушыларды тұзақтау оқиғалары сирек болса да, тарихта қалған бір оқиға 2005 жылдың мамырында орын алған еді. Сол кезде үш көрші ел азаматы заңсыз шекара шебін кесіп өтуге тырысады. Дегенмен шолақтық сақшылар оларды дер



кезінде құрықтап, ел қауіпсіздігін сақтап қалды.

Қыстың қаһарлы боранында да, жаздың шыжыған ыстығында да, «Шолақ» шекара бөлімшесі сарбаздарының қызметтері қырағы. Тау бөктерлері мен самал желі олардың серігіне айналған. Сақшылар үшін биік тау - туған үйдей ыстық болса, шекара соқпағына түскен әр іздері - намыстары мен абыройларының көпірі.

Батырлар ұрпағының даңқты жолын жалғап келе жатқан шолақтық шекара сақшыларының

әрқайсысы Отанын жүрегімен сүйеді. Шекара бөлімшесінің ғимаратының биігінде желбіреген көк байрақ - олардың ерлігі мен сенімінің нышаны болып қала береді.

Қазақстан
Журналистер
Одағының
мүшесі.
Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».
Суреттер
шекара
бөлімшесінен.



ТАРБАҒАТАЙ ТАУЫ БӨКТЕРІНДЕГІ АҚЖАР

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан ауданының Шекара басқармасына бағынысты «Ақжар» шекара бөлімі - еліміздің шығыстағы шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын бөлімдердің бірі. «Ақжар» шекара бөлімінің негізгі міндеті - Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының тұтастығы мен мызғымастығын қорғау, шекаралық тәртіпті сақтау, заңсыз көші-қон, контрабанда, браконьерлік және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу.



сирек кездеседі, қар барысы— әлем бойынша саны азайып бара жатқан, ерекше қорғауға алынған жыртқыш. Тянь-Шань қоңыр аюы — ірі жыртқыш аң, саны шектеулі. Ителгі— ірі сұңқар тұқымдас құс, аңшылық пен табиғат қорғау саласында маңызды орын алады. Бүркіт — қазақ халқының мәдени мұрасында ерекше орны бар, сирек құс түрі. Қарақұс — ірі жыртқыш құстардың бірі, табиғи тепе-теңдікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге, бұл өңірде бірнеше ерекше өсімдіктер де кездеседі, олардың ішінде кейбірі Қазақстанның және халықаралық «Қызыл кітаптарға» енгізілген.

«Ақжар» шекара бөлімінің басшысы — майор Кушербаев Алимжан. Ол өз саласының нағыз кәсіби маманы ретінде шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жеке құрамның жауынгерлік және моральдық рухын нығайтуға зор үлес қосып келеді. Майор Кушербаевтың басшылығымен бөлімде әскери тәртіп пен ұйымшылдық жоғары деңгейде сақталып, қызметкерлердің кәсіби дайындықтары ұдайы жетілдірілуде. Бұл шекара бөліміне 5 шекара бөлімшесі «Хабарасу»,

Қ. Қайсенов атындағы шекара бөлімшесі, «Қызыл», «Орталасты», «Құйған» шекара бөлімшелері қарайды. Шекара бөлімшелерінің басшылары, орынбасарлары, сержанттық құрамы, сарбаздары және жұмысшылары береке-бірлікпен, әркім өз міндетіне жауапты қарай отырып, қоян-қолтық қызмет



етуде. Сондықтан да, шекара маңындағы жергілікті тұрғындар әрдайым шекарашыларға ризашылықтарын білдіреді. Мемлекеттік мерекелер қарсаңында ауыл әкімдері құттықтап, өнерпаздары бөлімшеде мерекелік бағдарламалар өткізеді.

«Ақжар» шекара бөлімі — шығыстағы шекарамыздың берік қорғаны. Бұл бөлімнің әрбір әскери қызметшісі ел тыныштығын сақтау жолында қажырлы еңбек

етіп, Отан алдындағы борышын адал атқаруда. Табиғаты ерекше әсем өңірде орналасқан шекара бөлімі мемлекеттің шекара қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз етіп келеді.



Майор F. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».
Суреттер
ШҚО бойынша
департаментінен.

«Ақжар» шекара бөлімі 1980 жылы құрылған, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақжар ауылында орналасқан. Ақжар ауылдық округі Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік-шығысында Тарбағатай таулары және Зайсан қазаншұңқырының арасында орналасқан. Оңтүстігінде Жетіарал және Құйған ауылдық округтарымен, шығысында Маңырақ ауылдық округімен, солтүстігінде Қабанай ауылымен шектеседі. Бөлімнің қызметкерлері күндіз-түні табиғаттың әртүрлі жағдайларына қарамастан, өздеріне жүктелген қасиетті міндетті абыроймен атқарып келеді. Бұл аймақ Қазақстан мен Қытай Халық Республикасының мемлекеттік шекарасына жақын ор-

наласқан. Нақтылай айтқанда, «Ақжар» шекара бөлімі Қытаймен шекаралас аумақта қызмет атқарады. Шекараның қауіпсіздігін сақтау — екі ел арасындағы бейбіт қарым-қатынасты нығайтуда ерекше маңызды міндет саналады.

Табиғаты мен қызыл кітапқа енген жануарлар әлеміне тоқтала кетсек, Тарбағатай өңірінің табиғаты алуан түрлі. Мұнда биік таулар, кең жазықтар, өзен-сулар мен ормандар үйлесім тапқан. Бұл аймақ биологиялық әртүрлілігімен ерекшеленеді. Тарбағатайдың сирек кездесетін аң-құстарының ішінде Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген түрлері де бар: арқар -таулы аймақтың ең ірі жабайы қойы, өте

«КІШКЕНЕКӨЛ» – ЕЛДІҢ ЕГЕМЕНДІГІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Қазақстанның шекарасы – елдің егемендігі мен қауіпсіздігінің басты кепілі. Осы шекараның тыныштығы мен тәртібін қамтамасыз ететін шекара бөлімінің батыл да адал күзетушілері. Олар күндіз-түні, ауа райының кез келген жағдайында мемлекеттік шекараны күзетіп, елдің ішкі тұрақтылығы мен қоғамдық қауіпсіздігін сақтау жолында еңбек етеді.



«Кішкенекөл» шекара бөлімі құрылған күннен бастап мемлекеттік шекараны қорғап қана қоймай, шекара қызметінің дамуына, көркеюіне үлкен үлес қосуда және еліміздің солтүстігінде шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды міндет атқарып келеді. Бірнеше рет «Кішкенекөл» шекара бөлімі қызметтік-жауынгерлік қызметтің нәтижелері бойынша департаменттің басымдылығын иеленді. Соңғы кездері ғана «Кішкенекөл» шекара бөлімінің шекарашылары шекаралық тәртіпті бұзған 32 адамды ұстады, олардың ішінде мемлекеттік шекара режимін бұзушы 17 адам және шекаралық режимін бұзушы 15 адам ұсталды.

Бөлім бастығы подполковник Сабит Беғайдарұлы Молдыбаевтың басшылығымен жеке құрам жоғары тәртіп пен спорт, мәдени іс шаралар жағынан ұйымшылдық үлгісін көрсетуде.

2025 жылдың ақпан айында шекара бөлім бастығының кубогі үшін дәстүрлі спорттық жарыстар өтті. Жарыс шеңберінде қызметкерлер түрлі спорт түрлері бойынша бақ сынасып, өздерінің мықтылығын, ептілігін және бірлік рухын танытты. Бұл шара жеке құрам арасында достық қарым-қатынасты нығайтып, жауынгерлік дайындық деңгейін арттырды.

Және де сәуір айында бөлімде ұлы ағартушы, қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған мәдени іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Шекарашылар Абайдың терең мағыналы өлеңдерін оқып, оның мұрасына арналған баяндамалар жасап, ұлттық құндылықтарды дәріптеді. Бұл шара рухани жаңғыру мен патриоттық тәрбие берудің жарқын көрінісі болды.

Майор Д. УТЕБАЕВА, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ОТАН ОСЫ ЖЕРДЕН БАСТАЛАДЫ

2003 жылдың 15 сәуірінде Қостанай облысының Жітіқара қаласында ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Солтүстік» өңірлік басқармасына қарасты Қостанай шекара отрядының құрамында «Желқуар» шекара комендатурасы құрылды. Бүгінде бұл – Қостанай облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің «Жетіқара» шекара бөлімі.

Бөлім құрылған сәттен бастап Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекараның ұзын-ырғасы бойындағы маңызды бөлігін күзетіп келеді. Жауапкершілік аумағы Орынбор мен Челябин облыстарымен шектесіп, Қостанай облысындағы Денисов, Жітіқара және Қамысты аудандарын қамтиды. Бұл – әр шақырымында қырағылық пен кәсіби шеберлік талап етілетін шекара бөлігі.

Бүгінгі таңда бөлім құрамында бес шекара заставасы және үш шекаралық бақылау бөлімшесі жұмыс істейді. Олардың тәулік бойы үйлесімді атқаратын қызметі елдің солтүстік шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отыр. Соңғы жылдары бөлім әскери қызметкерлері мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болғандарға тосқауыл болып, есірткі заттары мен атыс қаруын тәркіледі, экономикалық контрабанданың жолын кесті. Сонымен қатар, жедел есепте тұрған және іздеуде жүрген тұлғалар да анықталып, ұсталып келеді.

Жаңадан құрылған комендатураның алғашқы басшысы – 1998 жылы ҚР ҰҚК әскери институтын тәмамдаған аға лейтенант Роман Хамитович Садыров болды. Ол бөлімнің іргетасын қалап, қызметтің бағытын айқындап, ұйымшыл ұжым құра білді. 2007 жылы денсаулығына байланысты қызметтен кеткенге дейін шекара шебінде абыройлы еңбек етті.

Қазіргі таңда бөлімге подполковник Данияр Ермекұлы Жакаков басшылық етеді. Білікті офицер ретінде ол ұжымды сенімді басқарып, мемлекеттік шекараны

нығайту жолындағы жұмысты табандылықпен жалғастырып келеді. Бөлімде инфрақұрылымды дамыту мен техникалық жабдықталуына айрықша мән беріледі.

Әскери қызметтің үздіксіз әрі тиімді орындалуы үшін бөлім қазіргі заманға сай техникамен қамтамасыз етілген. Солардың бірі – көп мақсатты «Трэкол Вега 550» жол талғамайтын көлігі. 6х6 дөңгелек формуласы бар бұл көлік алюминий қорытпасынан жасалған, алдыңғы бөлігіне қозғалтқыш орнатылған, күрделі жолсыз жерлерден өтуге қабілетті. Кабинада сегіз орын бар: екеуі – жүргізуші мен жолаушыға арналған, қалған алтауы – артқы бөлікте, бір-біріне қарсы бағытталған. Бұл – шекара бойын патрульдеуге және жеке құрамды жедел тасымалдауға таптырмас техника.

Жітіқара қаласы бүгінгі шекарашылармен қатар, Ұлы Отан соғысының ержүрек ардагерлерімен де мақтанады. Олардың қатарында Ишанов Истай, Михаил Евстафьевич Волошин және Егор Андреевич Хачин бар. Олардың ерлігі – тарихтың тірі куәсі және қазіргі жас буынға үлгі болар рухани мұра.

22 жыл ішінде «Жетіқара» шекара бөлімі еліміздің солтүстік шекарасындағы маңызды тірекке айналды. Бұл – бір мақсатқа жұмылған, абырой мен борышты ту еткен ұжым. Ал олардың мінсіз қызметі – мемлекетіміздің тыныштығы мен тұтастығының кепілі.

Лейтенант Н. СӘКЕН,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор



ҚАУІПСІЗДІК ПЕН КӘСІБИЛІКТІҢ ТІРЕГІ

Бұрынғы замандарда ірі су қоймасы ретінде белгілі болған теңіз бүгінде өзінің бастапқы көлемінен айырылып, орнын шаңды шөл мен құм басқан табиғи апат аймағына айналды. Бұл экологиялық ахуал өңірдің климатын қатты өзгертті, тіпті төрт мезгілдің өзі төзгісіз сипат алды.



Осы қиын жағдай қалыптасқан аумақта, яғни Қазақстан мен Өзбекстан шекараласатын жерде орналасқан «Матай» шекара бөлімшесі 2021 жылдың қыркүйегінде ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Шалқар» бөлімінің қарамағына өтті. Бұл шешім бөлімшенің географиялық орналасуына және әкімшілік тұрғыдан тиімділігіне байланысты қабылданған.

Қазіргі таңда бөлімшеге аға лейтенант Самаров Мейрам Дәулетбайұлы басшылық етеді. Ол 2021

жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын Алматы қаласында аяқтап, алғашқы қызметін Ақтөбе облысындағы «Байторысай» шекара бекетінде бастаған. Біраз уақыт бойы Қазақстан-Ресей шекарасында тәжірибе жинаған офицер, 2025 жылдың қаңтарында қызмет орнын ауыстырып, қазір Қазақстан-Өзбекстан шекарасында еңбек етуде.

Бөлімшеде келісімшарт негізінде қызмет атқаратын әскери қызметшілер үшін вахталық жүйе енгізілген. Әр-

бір қызмет кезеңі 20 күнге созылып, одан кейін 10 күндік демалыс беріледі. Мұндай формат жеке құрамның психологиялық әл-ауқатын сақтап, жауынгерлік қабілетті жоғары деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Қиын табиғи жағдайларға қарамастан, «Матай» бөлімшесіне қызметке орналасуға ынта білдіретін жастардың саны артып келеді. Бұл — шекара қызметінің беделі мен бөлімше жағдайының қолайлы екенін көрсетеді.

Әскери қызметшілерге барлық қажетті тұрмыстық жағдайлар жасалған: отбасы мүшелеріне арналған пәтерлер, қажетті жиһаздар мен техникалық құралдармен жабдықталған кешендер қолданыста.

«Матай» шекара бөлімшесінің құрамына «Көлсай» техникалық бақылау бекеті мен «Борқұдық» автономды тұрғын кешені кіреді. Бұл нысандарда үздік мамандар қызмет етеді. Мәселен, «Көлсай» ТББ тобының бастығы, кіші сержант Әділет Тұңғатарұлы Абдрахманов 2024 жылдың қорытындысы бойынша «Үздік техникалық бақылау операторы» атанды. Сондай-ақ, 2023 жылдың нәтижесі бойынша бөлімшенің электр-дизелисті Абай Секікболсын Райымбекұлы «Үздік маман» ретінде марапатталған.

Бөлімше әскери міндетпен қатар, спорттық шараларға да белсенді қатысып келеді. Шалқар ауданында ұйымдас-тырылған кіші футболдан жарыста бөлімше командасы екінші орын алды. 2024 жылы қазақша күрестен өткен жарыстарда Абай Секікболсын Райымбекұлы 87 кг салмақта үшінші орынды иеленсе, Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған додада ефрейторлар Алпысбай Шапағат пен Болысбаев Бекжан бірінші орыннан көрінді. Сонымен қатар, қатардағы жауынгер Еркін Убайтжанов қоян-қолтық ұрыстан 90+ салмақ дәрежесінде жүлделі үшінші орынды еншіледі.

Күндіз-түні демалыссыз қызмет ететін шекарашылардың қажырлы еңбегі — ел тыныштығы мен қауіпсіздігінің кепілі. «Матай» шекара бөлімшесі — батырлық пен адал-дықтың нақты үлгісі.

Лейтенант Ж. ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

МЕМЛЕКЕТТІҢ МЫЗҒЫМАС ҚАЛҚАНЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Семей шекара басқармасының «Байтанат» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесі — еліміздің солтүстік-шығыс қақпасындағы маңызды өткізу пункттерінің бірі.



Бұл бөлімше ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы №238 қаулысына сәйкес ашылып, өз жұмысын бастады. Сол уақыттан бері шекара қауіпсіздігін сақтау, мемлекеттік мүддені қорғау жолында табанды әрі кәсіби қызмет атқарып келеді.

«Байтанат» шекаралық бақылау бөлімшесінің негізгі мақсаты — Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекара арқылы адамдардың, көлік құралдарын, жүктер мен тауарлардың өтуін бақылау және заң талаптарына сай реттеу. Бөлімшенің басты міндеті – шекара арқылы өтетін адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды бақылау және реттеу. Бұл ретте «Байтанат» шекарашылары мемлекеттік шекараны заңсыз бұзудың, контрабандалық әрекеттердің және терроризм қауіптерінің алдын

алуға ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар, шекаралық режимнің сақталуы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімшенің негізгі бағыттарының қатарында. «Шекараны күзету – Тәуелсіздікті сақтау» деген ұран әрбір шекарашының жүрегіне жазылған.

Бұл бағытта бөлімше шекарадағы қауіп-қатерлердің алдын алуға, заңсыз көші-қон, контрабанда, терроризм секілді заңбұзушылықтарға жол бермеуге бар күшін салуда.

«Байтанат» бөлімшесі Абай облысының Бородулиха ауданы, Зубайыр ауылдық округі аумағында орналасқан. Ол Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты қатынас үшін ашық автомобиль өткізу пункті ретінде қызмет атқарады. Мұнда жеке тұлғалар мен туристер, жүк және қоғамдық көлік құралдары

(автобустар) шекарадан өтеді.

Бөлімше жауапкершілік аймағында мемлекеттік шекара күзетілуімен қатар, адамдар мен көлік құралдарының өтуіне қатаң бақылау жүргізеді, заңсыз әрекеттердің алдын алады.

Бөлімше арқылы өтетін көлік ағыны бірнеше санатқа бөлінеді: Жеңіл көліктер (жеке тұлғалар мен туристер), жүк көліктері (коммерциялық тасымал үшін), автобустар (жолаушылар тасымалдау бағытында). Бұл көлік түрлерінің барлығы шекарадан өтер кезде мұқият тексеруден өтеді.

Әр маман өз бағытындағы міндеттерді толық әрі сапалы орындайды, бұл шекара қауіпсіздігін кешенді түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бөлімше қызметкерлері ҚР ҰҚК Шекара академиясы мен арнайы оқу орталықтарында дайындықтан өтеді. Оларға құқықтық тәртіп, шекаралық бақылау, құжат сараптамасы, биометриялық жүйелермен жұмыс істеу дағдылары үйретіледі. Кинологтар қызметтік иттерді үйретіп, оларды іздестіру жұмыстарында пайдалану әдістерін меңгереді.

«Байтанат» шекаралық бақылау бөлімшесі кеден органдарымен, полиция және көші-қон қызметтерімен, ҰҚК органдарымен, санитарлық-ветеринарлық қызметтермен тығыз қарым-қатынас жасайды. Бұл ынтымақтастық шекарадан өтудің заңдылығы мен қауіпсіздігін барынша арттыруға мүмкіндік береді. Бөлімшеде қылмыстық және құқықбұзушылық әрекеттердің алдын алу үшін құжаттарды мұқият тексеру, жедел-іздестіру шаралары, кинологиялық қызметті пайдалану, профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Барлық жұмыс кәсіби шеберлікпен және заманауи құралдардың көмегімен жүзеге асырылады.



Қазіргі таңда «Байтанат» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесінің ұжымын капитан Айбек Жорабекұлы Тұрлыбек басқарып келеді. Ол — Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясының 2017 жылғы түлегі. Жас болса да, қызметте жинаған тәжірибесі мен табандылығының арқасында бөлімше ұжымын тиімді басқарып, мемлекеттік шекараны күзету ісіне өз үлесін қосып келеді. Капитан Айбек Жорабекұлы әрдайым «Шекара — ел қорғаны!» деген ұстанымды алға қойып, жауынгерлерді жауапкершілік пен тәртіпке баулиды. Өз ісіне адал офицер ұжым арасында зор беделге ие.

«Байтанат» шекаралық бақылау бөлімшесі — Қазақстанның шекара қауіпсіздігін нығайтудағы сенімді тірек. Әр қызметкердің жанқиярлық еңбегі мен жоғары кәсібилігі арқасында еліміздің мемлекеттік шекарасы мызғымас күзетте тұр. «Шекара бекінісін қорғау — болашақ ұрпақтың тыныштығына салынған негіз» деген қағида әрбір шекара қызметкерінің ұстанымы. Шекара мызғымаса — мемлекет нық тұрады!



Лейтенант
Е. КАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР». Суреттер
шекара бөлімшесінен.

«ЖАЙЫҚ» БӨЛІМШЕСІНІҢ АДАМГЕРШІЛІК ҮЛГІСІ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Тасқала ауданы бойынша ең жас әрі үлгі тұтарлық «Жайық» шекара бақылау бөлімшесі.

Батыс Қазақстан облысының Тасқала ауданында орналасқан «Жайық» шекаралық бақылау бөлімшесі — өңірдегі ең жас теміржолдық өткізу пункті. 2003 жылдың 3 шілдесінде құрылған бұл бөлімше халықаралық жүк және жолаушылар пойыздарының қауіпсіз өтуін қамтамасыз етіп, тәулігіне 24 сағат қызмет атқарады.

Бөлімше бір қабатты модульдік ғимараттардан тұрады және сапалы қызмет атқару үшін қажетті барлық техникамен жабдықталған. Шекаралық бақылау барысында кинологиялық қызмет ерекше рөл атқарады. Арнайы үйретілген қызметтік иттер пойыздарды тексеру кезінде заң бұзушыларды анықтауға көмектеседі. Мысалы, 2024 жылы олардың көмегімен 100-ден астам құқық бұзушы ұсталды.

2020 жылдың басында, көктемнің бір күнінде, Ресейден Қазақстанға бағыт алған №007 халықаралық жолаушылар пойызы шекаралық бақылау аймағына келген сәтте ауа райы күрт нашарлады. Күшті жел мен сулы қар салдарынан бірнеше вагонда электр

қуаты өшіп, жолаушылар жарық пен жылусыз қалды. Олардың арасында қарттар мен кішкентай балалар бар еді.

«Жайық» бөлімшесінің шекарашылары жағдайға дереу әрекет етті. Жолаушыларды жылы қызметтік ғимараттарға орналастырып, оларды ыстық сусындармен, дәрі-дәрмектермен және көрпелермен қамтамасыз етті. Сондай-ақ, жолаушыларды жақын маңдағы станцияға жеткізу үшін арнайы көлік ұйымдастырылды.

Бұл оқиға «Жайық» бөлімшесінің қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі мен адамгершілік қасиеттерінің айқын көрінісі болды. Олар тек мемлекеттік шекараны күзетіп қана қоймай, қиын жағдайға тап болған жандарға көмек көрсетуге әрдайым дайын екендерін дәлелдеді.



Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШЫРАҚ

Батыс Қазақстан облысының Бөкейорда ауданында орналасқан «Сайқын» шекаралық бақылау бөлімшесі – еліміздің батыс қақпасын күзетіп тұрған маңызды нысандардың бірі. 2005 жылдың 18 қаңтарында Қазақстан мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасындағы халықаралық келісімге сәйкес құрылған «Сайқын» шекаралық бақылау бөлімшесі бүгінде тек аймақ үшін емес, бүкіл ел үшін маңызды орынға айналды. «Орда» (автокөліктік) өткізу пункті мен «Сайқын» (теміржол) өткізу пунктінде, сондай-ақ «Торғай» мемлекеттік ұшу сынақ орталығында шекаралық бақылау жүргізу – бөлімшенің маңызды міндеті.

Алғашында өткізу пункті Сайқын ауылының ішінде орналасқан еді. Алайда 2016 жылдан бастап жаңа талаптарға сай, ауылдан 18 шақырым қашықтыққа көшірілді. Жаңа орынға ауысқанымен, қиындықтар да қатар жүрді: 2016 жылдан бастап 2024 жылға дейін өткізу пунктінде электр қуаты дизельдік генератор арқылы беріліп келді. Сегіз жыл бойы «Сайқын» шекаралық бақылау бөлімшесінің қызметкерлері күндіз-түні, демалыссыз, дизельдік генератордың 75–85 дБ(А) деңгейіндегі үздіксіз шуылы астында қызмет атқарды. Бұл дыбыс деңгейі адамға жайсыздық тудыратын шектен асып, қызметкерлердің физикалық және психологиялық төзімділігін сынады. Бірақ тынымсыз еңбектің арқасында 2024 жылдың басында толықтай электр желісі, табиғи газ және таза ауыз су тартылып, бөлімшенің жұмыс жағдайы едәуір жақсарды. Бұл тек инфрақұрылымның дамуы ғана емес, шекарадағы қызмет сапасының артуына жол ашқан маңызды қадам болды.

«Сайқын» бөлімшесінің абыройын асқақтатқан тек инфрақұрылым ғана емес, ондағы қызметкерлердің кәсіби шеберлігі мен адамгершілік қасиеттері де ерекше атап өтуге тұрарлық. Мәселен, сержант Тұрарбек Жұмағұлов – шекара қызметінің мақтанышы. 2017 жылы ол «Батыс» өңірлік басқармасы ұйымдастырған жүргізушілер сайысында 2036 әскери бөлімі құрамында өнер көрсетіп, жалпы командалық есепте I орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, жеке біріншілікте жүк көлігін жүргізу бойынша II орын иеленді. Бұл жеңістер – оның өз ісіне деген шынайы сүйіспеншілігі мен үздіксіз еңбегінің жемісі.

Ал, «Сайқын» шекаралық бақылау бөлімшесінің бақылаушысы сержант Нұрлыбек Иманбаев – шекара



қызметіндегі тағы бір жарқын тұлға. 2021 жылы «АВТО ЛОТО» лотереясынан шамамен 7 500 000 теңге құны бар автокөлік ұтып алған ол, бұл үлкен соманы өз игілігіне жұмсаудың орнына, қайырымдылыққа бағыттады. Қаңтар оқиғасында қаза болған курсанттардың отбасыларына көмек көрсетті, ауыр дертке шалдыққан балаға 1 миллион теңге бөлді, ал қалған қаражатты Бөкей Ордасы ауданындағы аз қамтылған отбасыларға баспана алып беру үшін «Харекет» қорына аударды. Осы ізгі әрекеті үшін Нұрлыбек Иманбаев «Жомарт жүрек-2022» республикалық байқауында «Жыл тұлғасы» атанды.

«Сайқын» шекаралық бақылау бөлімшесі – ел шекарасындағы берік қорған ғана емес, адамгершілік пен қайсарлықтың, кәсібилік пен рухтың үлгісі. Инфрақұрылымы дамып, қызмет сапасы жоғарылаған сайын, бөлімшенің атқарар миссиясы да кеңейе түспек. Ал ондағы қызметкерлердің ерлігі мен ізгілігі – еліміздің тыныштығы мен болашағының кепілі.

Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

«ҚОРДАЙ ШЕКАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІ – ҚОРДАЙ АУДАНЫНЫҢ ҰЛЫ ТЫНЫСЫ»

Шекара – бұл жай ғана картадағы сызық емес. Бұл – халықтың үміті мен қауіпсіздігі арасындағы көзге көрінбейтін, бірақ сезімге салсаң – темірдей салмақты шеп. Осы шептің бойында жүрек соғысы бір сәтке бәсеңдемейтін, қырағылығы күнмен жарысқан бір бөлімше бар. Ол – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының «Қордай» шекаралық бақылау бөлімі.



Шекаралық бақылау бөлімі – мемлекеттік шекараның нақты нүктесінде орналасқан, тәулік бойы толастамайтын адам мен көлік ағынының ішінде мызғымай тұрған бекініс. Көп адам үшін бұл – жай өткел, жай бақылау нүктесі. Бірақ бұл жерде әрбір шекарашы үшін әр сағат – шешім, әр бетпе-бет кездесу – сын, әр күдік – ел тағдырына тікелей қатысы бар белгі.

Қордай – Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы ең ірі бақылау-өткізу бөлімі. Күн сайын мұнда мыңдаған адам, жүздеген жүк көлігі өтеді. Шекарадан өтіп бара жатқан әр адамның жолы – заң аясында тексеріледі, әр сөмке – ашылады, әр құжат – сканерден өтеді. Бұл жұмыстың сырт көзге байқалмайтын ішкі иірімдері бар. Себебі бұл жерде жұмыс тек техникамен емес, адамның ішкі

түйсігімен, тәжірибемен, батыл шешіммен, жылдам реакциямен орындалады.

Шекаралық бақылау бөлімінде уақыт тоқтамайды. Себебі шекара – тоқтамайтын тіршілік. Кез келген сәтте кез келген жағдайда шешім қабылдау – бұл жердің басты ерекшелігі. Бір сәттік қателік – мемлекеттік қауіпсіздікке қатер. Сондықтан мұндағы әр қызметкердің серті – адалдық, ал қаруы – қырағылық.

Қордай шекаралық бақылау бөлімінің сарбаздары – өз ісінің нағыз мамандары. Ал, шекаралық бөлімнің қызметін жіті меңгерген бастығы – майор Адлет Бектенбайұлы Бектенбаев. Ол үшін шекара – жай қызмет емес, бұл – өмір салты. Қызметтің қиындығы да, салмағы да орасан. Айнала қозғалыс, шу, кезек күткен жүздер, түсініксіз жүк, белгісіз бағыттар – бәрі де осы бөлімнің күнделікті көрінісі.

Қазақта «Шекарасыз ел болмайды, шекарасыз тыныштық та болмайды» деген ұғым бар. Осы ұғымның тірі дәлелі – Қордай шекаралық бақылау бөлімінің қызметкерлері. Олар тыныштықты күзетеді, бейбітшілікті қорғайды. Бұл – естір құлаққа қарапайым сөз секілді болғанымен, шын мәнінде, шекарашының жүрегіне үлкен жауапкершілікпен жаңғыратын ұғым.

Қазіргі таңда бөлімнің жұмысы цифрлық технологиялармен де



қаруланған. Құжаттарды биометрикалық жүйемен тексеру, жүкті сканерлеу, шекара бойын бейнебақылау арқылы қадағалау – бұл бөлімнің тыныс-тіршілігінің бөлінбес бөлшегіне айналған. Алайда, ең бастысы – адам факторы. Себебі технология сезбегенді – жүрек сезеді.

Бұл бөлімнің қызметі кейде көзге көрінбейді. Бірақ елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі – дәл осы көрінбейтін тіршіліктің

арқасында сақталып келеді. Қордай – Қазақстанның қақпасы ғана емес, оның рухани шебі де. Ал сол шепті күзетіп жүргендер – болашақтың бұзылмас қорғаны.



Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«ОС-ЧР».
Суреттер
бөлімшеден.

ЖАҢА ТЕРМИНАЛ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысының қаланы дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында салынған әуе айлағының құрылысына жеке инвестор 24 миллиард теңге көлемінде қаражат жұмсаған.

Президентке Қазақстанның оңтүстігінде бірегей авиациялық хаб қалыптастыру өңірдегі әуе қатынасының бағыт санын 17-ден 59-ға дейін ұлғайтуға, сондай-ақ Еуропа мен Азияның бірқатар еліне рейстер ашуға мүмкіндік беретіні жөнінде баяндалған болатын.

Өз кезегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көлік инфрақұрылымын дамыудың стратегиялық мәні айрықша екенін атап өткен болатын. Шымкент әуежайының жаңа терминалы қаланың экономикасына өз үлесін қосып, транзиттік әлеуетін күшейтеді деп күтілуде.

Ауданы 40 мың шаршы метрді құрайтын заманауи ке-

Ағымдағы жылдың 11-сәуірі Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкент қаласына жұмыс сапарымен келіп, Шымкент әуежайының жаңа терминалымен танысқан болатын.




шен сағатына 2000 жолаушыға қызмет көрсете алады. Соның арқасында барлық халықаралық стандарттарға сай келетін заманауи, жайлы және технологиялық инфрақұрылым нысаны бой көтерді. Бұл жолаушылар ағыны мен ұшу географиясын арттыруға және 700 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қала тұрғындары мен қонақтарына заманауи талапқа сай қолайлы, жылдам қызмет көрсетіледі.

Алғашқы кезеңде терминалда «SCAT» әуе компаниясының күндізгі ішкі рейстері ұйымдастырылса, одан соң «Air Astana» және «Fly Arystan» әуе компанияларының рейстері де осы терминалға ауыстырылуда. Сондай-ақ, халықаралық авиатасымалдаушылармен тарифтік саясат және ынтымақтастық мәселелері бойынша келіссөздер жүргізілуде. Ал халықаралық сектор мен транзиттік аймақты ашу келесі жылдың басына жоспарланған.

Ендігі кезекте Түркістан облысы бойынша департаментінің Шымкент шекаралық бақылау бөлімшесі де аталмыш жаңа терминалда өзінің қызметін ұйымдастыратын болады. Шекарашылар тәулік бойы алыс-жақын шетелден келетін туристерді қабылдайтын болады.

Майор Р. НҰРМЕТ. «OS-ЧР».
 Суреттер аудандық шекара басқармасынан.



МЕРЕЙТОЙ

БІР ДӘУІРДІҢ ШЕЖІРЕСІ – 102 ЖАСТА

28 сәуір күні Ұлы Отан соғысының ардагері, отставкадағы полковник Николай Александрович Таратунин 102 жасқа толды.



Мерейтой күні оның үйіне «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қалалық филиалының басшысы запастағы полковник А.Мұналбаев бастаған шекарашылар, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелері арнайы келді.

Николай Таратунин 1923 жылы 28 сәуірде Ярославль облысында дүниеге келген. 1941 жылы 18 жасында майданға өз еркімен аттанып, барлаушы ретінде жау тылында аса күрделі тапсырмаларды орындады. Дон өзенінен өту кезінде ауыр жарақат алған ол өлдіге саналған кезде санитарлардың бірі жауынгердің тамы-

ры әлсіз соғып жатқанын байқап қалған. Осылайша, ғайыптың күшімен аман қалған ол соғыстан кейін Алматы жаяу әскер училищесін аяқтап, Қазақстан шекараларында, Түркия, Иран, Қытай және Жапония бағытында, қызметін абыроймен атқарды. Бүгінде Қазақстандағы жасы ең үлкен ардагер саналатын Николай Александрович өзінің ел шебіндегі мінсіз қызметі үшін І дәрежелі «Отан соғысы», екі «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет» ордені және бірнеше медальмен марапатталған.

Мерейтой барысында ардагерге запастағы полковник А.Мұналбаев ҰҚК шекара қызметі директорының құттықтау хаты мен сыйлығын тапсырды. Абыздың құтханасында өткен шарада ҰҚК Шекара



академиясының әскери оркестрі өнер көрсетіп, соғыс жылдарының әндері орындалды. Сондай-ақ, «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелері – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, қаладағы 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағындағы мәңгілік алау басында Құрметті қаруылға тұрған жас патриоттар ардагер бабаларының алдынан салтанатты сап түзеп өткен.

...Қарап тұрсақ, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің ең көнесі саналатын «Нарынқол» шекара бөлімшесінен небәрі екі жас кішілігі бар ардагердің өмір жолы – ұрпаққа үлгі-өнеге. Өкінішке орай, уақыт патша оны «аямаған» сыңайлы... Өткен жылы бізді

өзінің ауласында қарсы алған шекарашы қарт бұл жолы көпшіліктің алдына арбамен шықты. Есесіне, соғыс жылдарындағы «Смуглянка», «Жеңіс күні» секілді өміршең әндер ақсақалдың көңіліне самал желдей әсер еткенін елеңдей қалған жүзінен байқадық...

Иә, бұл – аңыз әндері мен аңыз ардагердің бір-бірімен қауышқан күні болған еді.



Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
 Суреттерді түсірген автор.

ЖАС САРБАЗ ОТАН АЛДЫНДА АНТ БЕРДІ

2025 жылдың 27 сәуірінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қатары жас сарбазбен толықтырылды. «Көктем-2025» шақырылымы аясында Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне Алматы, Түркістан, Қызылорда, Қостанай, Жамбыл, Ақмола, Шығыс, Солтүстік Қазақстан облыстарынан келген 250-ден астам, ал Маңғыстау облысы бойынша департаментіне Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс, Шығыс Қазақстан облыстарынан 170-тен астам жас сарбаздар салтанатты түрде әскери ант қабылдап, ел шекарасын күзетіп, Отан алдындағы борыштарын өтуге ант беріп, міндеттеріне ресми кірісті.



сәтін көзіне жас алып тамашалады. Оның ұлы 19 жастағы қатардағы жауынгер Алмабай Есбол, бүгін өзі сияқты қаруластарымен бірге ант қабылдады.

«Ұлым кішкентай кезінен батыр болуды армандайтын. Әскерге өзі сұранып барды. Енді, міне, бүкіл ел алдында Отанға адал болуға ант беріп тұр. Бұл – әрбір ана үшін ерекше күн. Толқимыз, уайымдаймыз, бірақ ең бастысы – мақтанамыз. Елің, жерін қорғайтын азамат тәрбиелегеніме шүкір деймін. Балам аман болсын, еліне адал қызмет етсін», – деді Лаура ханым.

Лаура ананың сөздері рәсімге жиналғандардың жүрегін тербеп, сарбаздарға рух берді. Бұл – тек бір ананың емес, бүкіл ел аналарының ортақ тілегі еді.

Жас жауынгерлерге сеніммен

2025 жылдың 27 сәуірінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қатары жас сарбазбен толықтырылды.

«Көктем-2025» шақырылымы аясында Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне Алматы, Түркістан, Қызылорда, Қостанай, Жамбыл, Ақмола, Шығыс, Солтүстік Қазақстан облыстарынан келген 250-ден астам, ал Маңғыстау облысы бойынша департаментіне Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс, Шығыс Қазақстан облыстарынан келген 170-тен астам, Атырау облысы бойынша департаментінде 70-тен астам жас сарбаздар салтанатты түрде әскери ант қабылдап, ел шекарасын күзетіп, Отан алдындағы борыштарын өтуге ант беріп, міндеттеріне ресми кірісті.

Әскери ант – әрбір сарбаздың өміріндегі аса маңызды сәт. Бұл – олардың, еліне, мемлекетіне деген адалдығы мен жауапкершілігінің нышаны. Әр аймақта өткен рәсім шынайы патриотизмнің үлгісі ретінде халықтың рухын көтеріп, ата-аналардың көңілін мақтанышқа толтырды.

Үш өңір болғанымен мақсатымыз бір: ел шекарасын күзету

үшін жас сарбаздар еліміздің түрлі аймақтарында, әскери қызметтеріне кірісті. Әрбір өңір – өз ерекшелігімен, шекаралық маңызымен белгілі.

Шығыс Қазақстан облысы – Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасымен шекаралас маңызды стратегиялық аймақ. Бұл өңірге жас сарбаздар Күршім, Зайсан аудандары бойынша шекара басқармаларында алғашқы дайындықтан өтіп шекара бөлімшелерге жіберіледі.

Маңғыстау облысы мен Атырау облысы – Каспий маңы мен шекаралық су аймақтарын қорғайтын ерекше бағыт. Сарбаздар мұнда теңіз шекара күзетіне машықтанады.

Маңғыстау облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Санат Маратович Жуманов сарбаздарға өз тілегін айтып ақылымен бөлісті: «Бүгін сендер әскери ант бердіңдер, осы кезден бастап сендерге Отан алдындағы жауапкершілік жүктеледі. Қызмет атқарған жылы сендер азаматтық өмірде де пайдалы болатын құнды дағдыларды үйренесіңдер. Сендердің әрқайсысың еліміздің шекарасын қорғауда маңызды рөл атқарасыздар. Отанға адал қызмет ету – әрбір азаматтың қа-



сиетті борышы. Бұл – елге деген адалдықтың алғашқы қадамы», – деп өз сөзін аяқтады.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Күршім ауданы бойынша шекара басқармасында өткен ант беру рәсімі ерекше салтанатты жағдайда өтті. Аталған басқармада сарбаздарды тәрбиелеп әскери өмірге үйретіп жүрген Күршім ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының орынбасары – тех-

никалық және кәсіби дайындық бөлімінің бастығы подполковник Айбек Орыспаевич Дюсембеков жас сарбаздарға арнаған сөзінде былай деді:

«Әскери ант – бұл тек салт емес, бұл – азаматтың еліне берген серті. Біз бүгін Күршім ауданы бойынша шекара басқармасына келген жаңа сарбаздардың арасында тәртіпті, жігерлі, нағыз патриот жастарды көріп отырмыз. Олар енді шығыс шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады. Бұл – үлкен жауапкершілік. Біз олардың әскери машығын дамытып қана қоймай, ұлттық рухын да шыңдаймыз. Өйткені, шекара қорғаушы – бұл жай маман емес, бұл – ел мен жердің амандығы үшін күрескер».

Подполковник Айбек Дюсембеков сонымен қатар жас сарбаздардың әскери қызметке бейімделуі үшін барлық жағдай жасалғанын, жауынгерлік дайындықпен қатар, тәрбиелік жұмыстар да үздіксіз жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Ұлдарының ант беруі, ата-аналар үшін бұл – бір жағынан толқулы, екінші жағынан мақтанышқа толы сәт. Түркістан облысынан арнайы келген Лаура Ермакқызы өз ұлының ант беру

артатын үмітіміз үлкен әскери өмір – тәртіп пен табандылықты талап етеді. Дегенмен, мемлекет тарапынан шекарашыларға барлық жағдайлар жасалған: заманауи құралдармен жабдықталған бөлімшелер, әскери даярлықтың жаңа әдістемелері, әлеуметтік қамтамасыз ету – мұның бәрі кәсіби маман болуға негіз қалайды.

«Көктем-2025» – бұл тек шақырылым емес, бұл – ел болашағына бағытталған сенім легі. Жас сарбаздар еліміздің әр аймағынан келіп, бір сапқа тізіліп, бір ту астында ант берді. Олар – Қазақстан Республикасының шекара тұтастығы мен бейбіт өмірінің қорғаушылары.

Полковник Санат Маратович Жумановтың сөзімен айтқанда, «Бүгінгі жас – ертеңгі қорған». Ал аналар – сол қорғаушылардың жүрегіне ізгілік пен елге деген сүйіспеншілікті сіңірген асыл жандар. Бұл – ұлт рухының, ел болашағының нышаны.



**Майор
F. БАКЕТОВ,
«OS-CP».**
Суреттер
департаменттерден.



БӨЛІМШЕ БАҚЫЛАУЫН БАҒДАРЛАҒАН

Заңсыздыққа оқталып, тек тысқарыда сәтін тосқан. Кенеттен бір тосқауыл кезек алды. Қомақты қаражатты заңсыз шекара асырмақ болған шетелдік азамат құрықталды. Бұл ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті құрамындағы «Атырау» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінің кезекті тәуліктік жауынгерлік жорығы болатын.

Өткен жылдың тамызында қызметтегі қырағылықтың нәтижесінде шекаралық бақылау бөлімшесінің аға бақылаушысы заңсыздықтың жолын кескен. Ел шебіндегі еңселі азаматтың жүйелі жұмысына сол уақытта бас бармақпен баға бергенбіз. Шекараның қақпасы сенімді қолда деп басылым беттерінде жарыса ақпарат тараттық. Ол құс қанатты бөлімшедегі лауазымдық міндетін шеберлікпен ұштастырған кіші сержант Асылбек Досщанов болатын.

Асылбек Ағманұлы 1992 жылы Атырау облысы Атырау қаласында дүниеге келген. 2010 жылы 2484 әскери бөлімінде мерзімді әскери қызметін өте-

ген. Ұшарал топырағында Отан алдындағы борышын өтегеннен кейін 2017 жылы Шекара қызметіне келісімшарт бойынша қызметке келіп, департамент құрамындағы «Атырау» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінің кіші бақылаушысы болып тағайындалған. Аталмыш лауазымды күні бүгінге дейін абыроймен атқаруда. Қызметтік иті – «Тамир». Қызмет барысында жарылғыш заттарды іздеуге машықтанған. Жауынгерлік жорықтағы таптырмас жолдас. Оның қызметтік іс-қимылда көрсеткен оң нәтижелері атыраулық шекарашылардың айбынын асқақтатып тұр.

— Қазіргі қызмет бала күнгі алып арманның жемісі. Тал бесіктен берілген тәрбиеге негізделген мақсатым Отанымға қалтқысыз қызмет ету болды. Оған мен толғатқан батырлар өлкесі себепкер болды. Бүгінде шекарашы атанып, Мемлекеттік шекараны күзету және қорғау ісіне теңізге құйған тамшыдай үлес қосып жүрмін деп есептеймін. «Шекара» менің ұғымымда ерлік пен елдіктің тұтқасы. Мәңгілікке

ұмтылған елдің бар бақыты да сол шептен бастау алса керек. Соны ойласам, қазіргі қызметке деген құштарлығым екі есе арта түседі, - деді кіші сержант Асылбек Ағманұлы.

Отан сақшысы атанған оған бүгінде жарасымды жануарның тірегі. Ішін жылулық пен іңкәр сезімге толтырған шаңырақта жары Перизат Ниязбаевамен бірге ізін жалғар 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр. «Аяулы жарым – өмірлік серігім. Екі таңдауда да қателеспедім» дейді сардар. Екіара сырлы сұхбат барысында жылдар бойы жалғасқан адал сезім мен үлкен сыйлыққа көз жеткіздік.

Құс қанатты бөлімшедегі бақылауды күшейткен қырағы әскери қызметшінің алдағы жауапты қызметіне сәттілік тілейміз. Шекара қақпасын заңсыздықтан арашалауға күш салған міндеті мүлтіксіз жалғасын тапсын деген тілек бар.



**Капитан
Б. ҚОЖАНТАЙ,
«OS-ЧР».**
Сурет шекаралық
бақылау
бөлімшесінен.

«Атырау – Кутаиси» бағытындағы халықаралық рейс. Хиуаз Доспанова есімін еншілеген әуежай іші мыңғырған адам. Мемлекеттік шекараның мызғымас беріктігін күзеткен Отан сақшылары сақ тұрып, сап түзеген. Келім-кетім жолаушылар арасында шекаралық бақылаудан аяласын асырмаққа оқталған меймандар да жоқ емес.



ЖАУЫНГЕРЛІК КЕМЕДЕГІ КЕЗДЕСУ

Қазақстанның танымал актері әрі блогері Айдар Каримбаев ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің жағалау күзеті екінші дивизионына қарасты «Семсер» шекаралық кемесінің әскери қызметшілеріне арнайы келді.



Сапар барысында актер теңіз шекарашыларының қызметімен, олардың күнделікті өмірімен, қызмет жағдайымен, тұрмысы мен бос уақытын ұйымдастырылуымен танысты. Ол еліміздің теңіз шекарасын қорғаудағы олардың еңбегінің маңыздылығын атап өтті.

Кеме бортында Айдар мерзімді қызметтегі матростармен әңгімелесіп, оларға әскери дайындық кезіндегі естеліктерімен бөлісіп, бірге түскі ас ішті. Актер алғаш рет әскери кемеге аяқ басып отырғанын айтып, кеменің тәртібі, техникалық жабдықталуы мен экипаж мүшелерінің ұйымшылдығына тәнті болғанын жеткізді.

Айдар Каримбаев үшін әскери қызмет — жат емес. Ол Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери

мектеп-интернатының түлегі.

Сапар аясында қонақ Ақтауда туған, қазақ, орыс, ағылшын, португал, испан және итальян тілдерін меңгерген Иса және Мұса Тұрдыбаев есімді егіз бауырлармен де тілдесті.

Айдар Каримбаевтың бұл сапары теңіз шекарашылары үшін ерекше оқиға болды. Ол жеке құрамның рухын көтеріп, әскери қызметшілерге қоғам тарапынан көрсетілетін қолдаудың маңызын тағы бір мәрте айқындап берді.



**Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР».**
Суретті
түсірген автор.

ОТ МЕЧТЫ К РЕАЛЬНОСТИ

Защитник Родины – это не только профессия, но и призвание. Для военнослужащего пограничного отдела «Желкуар» рядового Вениамина Соловьева путь в армию начался задолго до призыва. Родом он из села Чайковское Житикаринского района, где с детства уважал службу пограничников и мечтал связать свою жизнь с военным делом.

В школьные годы он трижды становился «Юным другом пограничника», активно участвовал в спортивных и интеллектуальных соревнованиях. Наряду с военной стезей его привлекала кулинария, поэтому после школы он получил среднее специальное образование по профессии пекаря.

В 2020 году Вениамин был призван в ряды Национальной гвардии и направлен в воинскую часть 5451. Во время службы был назначен на должность повара общевойскового питания. Однако находясь в этой должности, он понимал, что хочет большего – не просто готовить для сослуживцев, а стоять на страже рубежей страны.

После демобилизации он твердо решил стать профессиональным военным и подал документы на службу в Пограничную службу КНБ. Попав в пограничный отдел «Желкуар», он быстро освоился, показав свою преданность делу и высокую дисциплину. Сегодня разведчик первой мобильной группы выполняет ответственные задачи по охране границы.

В службе Вениамина всегда поддерживала его мать. Именно она воспитывала его с детства, прививая любовь к труду, уважение к людям и верность своему слову. Ее поддержка и наставления стали для него прочной основой, помогли стать тем, кем он является.

За время службы рядовой В. Соловьев неоднократно поощрялся грамотами за доблестную службу, а также благодарностями от начальника пограничного отряда и его заместителя. В этом году он уже подписал свой второй контракт, намереваясь и дальше строить карьеру в Пограничной службе КНБ.

— Ни разу не пожалел о своем выборе. Служба закаляет характер, делает сильнее, учит дисциплине и ответственности. Я горжусь тем, что могу внести свой вклад



в защиту границ нашей страны, – говорит Вениамин Соловьев.

Его история – яркий пример того, как мечта, подкрепленная упорством и целеустремленностью, становится реальностью.



**Лейтенант
Н. САКЕН,
«OS-ЧР».**
Фото автора.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ

Қоғамға сіңірген еңбегімен, кәсіби адалдығымен және отбасылық құндылықтарды берік ұстануымен ерекшеленген азаматтардың өмір жолы – ел болашағына бағдар. Осындай жанның бірі – көпсалалы қызмет атқарып, талай шәкіртке үлгі болған Матыргүл Алдынғарқызы Құрмантаева.



В.И. Пацаев атындағы орта мектепте жалғастырды. Еңбекке деген алғашқы ынтыасын 1986 жылы облыстық есепшілер мектебін тәмамдап, совхозда бухгалтер мамандығын меңгеру арқылы дәлелдеді. Кейін жоғары білімін Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтында және Қазақ гуманитарлық-заң университетінде жалғастырып, екі мамандық иесі атанды.

Еңбек жолын таразышы ретінде бастаған Матыргүл Алдынғарқызы кейін қаржы саласына бет бұрып, түрлі мекемелерде бухгалтер, экономист қызметтерін абыроймен атқарды. 2001 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облыстық департаментіне қызметке орналасып, мол тәжірибе жинақтай отырып, офицерлік шенге дейін көтерілді. 2014 жылы денсаулығына байланысты қызметтен босағанымен, 2022 жылдан бері қаржы бөлімінің қызметшісі ретінде еңбек жолын қайта жалғастырып келеді.

Оның жұбайы – Марат Мұрзашұлы Құрмантаев – ҰҚК-нің ардагер офицері, ал ұлы Мұхтар Маратұлы Мырзаш – құқық саласында қызмет етіп жүрген заңгер, адвокаттар алқасының мүшесі. Бүгінде ол – жас ұрпаққа бағыт-бағдар беріп, әжесінің ізімен жүріп келе жатқан 1 ұл мен 1 қыздың әкесі.

Матыргүл Алдынғарқызының өмір жолы – тек қызметтік сатылардың тізбегі емес, ол – кәсіби табандылық пен адамгершілік қасиеттерді қатар ұстанған тұлғаның ғибратты ғұмыры. Оның өмірі – жас мамандар үшін жарқын үлгі, отбасына арқау, ұрпаққа мұра.



Лейтенант
Ж. ШАРМАЕВ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАН

Ел шебінде қас қағым сәтте шешім қабылдап, әрбір жауынгердің өміріне араша болу екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік. Осындай жауапты миссияны мойнына алған азаматтардың қатарында - ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша Департаменті медициналық қамтамасыз ету тобының фельдшері ефрейтор Абденов Қуандық Маратұлы да бар.



5511 әскери бөлімінде дәлелдей білді. Қазіргі таңда ол шекара тыныштығының күзетінде тұрған ер азаматтардың қатарында.

Қуандықтың әр күні таңғы алтыдан басталады. Ұйқыдан жаңа оянған шекарашыларды алғаш қарсы алатын да, олардың денсаулығын жіті тексеретін де осы Қуандық. Жеке құрамды тасымалдайтын жүргізушілер мен көлік жетекшілерін медициналық бақылаудан өткізіп, әрқайсысының қан қысымын, жүрек соғысын, дене температурасын тексереді. Тәуліктік нарядқа түсетін әскери қызметшілер де тексерістен өтіп барып қана сапқа қосылады. Себебі, бұл талап қауіпсіздігіміздің басты кепілі болып саналады.

Шекара шебінде тұрған жауынгерлердің денсаулығы да әрдайым назарда. Көнеттен денсаулығы сыр берген әскери қызметші болса, Қуандық дереу алғашқы медициналық көмек көрсетеді, қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеді. Оның жедел әрі сауатты іс-қимылы талай жауынгердің денсаулығын қалыпқа келтіруге сеп болды.

Жеке өміріне тоқталар болсақ, отбасында Қуандық үлгілі еке. Жұбайы Лидамен бірге бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, Дания есімді 5 жасар қызын тәрбиелеуде. Жанұядағы жылулық пен қызметтегі жауапкершілікті қатар алып жүру оның өмірлік ұстанымы.

Ефрейтор Абденов Қуандық Маратұлы өзінің кәсіби біліктілігімен, қарапайымдылығымен және адамгершілігімен де ұжым арасында сыйлы. Ол тынымсыз еңбегімен шекара шебінде сап түзеген әрбір әскери қызметшінің денсаулығын сақтауға, ұдайы жауынгерлік даярлықты қамтамасыз етуге зор үлес қосып келеді.

Әр күнін ел тыныштығы жолында сарп еткен осындай азаматтардың еңбегі мәңгілік құрметке лайық.



Майор Г. САДЫКОВА.
«OS-ЧР».
Сурет департаменттен.

«ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ДӘМ»

Еңбек – адам өмірінің мәні мен сәні. Ерінбей еңбек етуді өмірлік қағидасына айналдырған жандардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының аспазы Оксана Валиева.



Оксана Александровна Алакөл ауданы, Үшарал ауылының тумасы. Мектепті бітіріп, Ауыл шаруашылығы орта кәсіптік-техникалық училищесінде аспазшы мамандығын меңгерген. Еңбек жолын 1993 жылы Үшарал қаласындағы 2484 әскери бөлімінде бастайды. Алғашқы кезде киім-кешекпен қамтамасыз ету бөлімінде, монша-кір жуу комбинатында он жыл бойы қызмет атқарады. Кейін 2003 жылы нан пісіру цехына ауысып, тағы алты жыл еңбек етеді. Уақыт өте келе негізгі мамандығына оралып, әскери бөлімнің асханасына аспаз болып қабылданады. Содан бері 28 жыл бойы әскери ортада қызмет етіп келеді.

Оксананың еңбек жолы – төзім мен табандылықтан тұрады. Өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарап, әр тағамды сарбаздардың анасының қолынан шыққан дәмдей етіп дайындауға тырысады. «Жүздеген сарбазға өз анасының дәміндей ыстық тағам әзірлеу – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі абырой,» – дейді Оксана.

Оксана Александровнаның еңбекқорлығы мен кәсіби шеберлігін тек қана әріптестері емес, өзі тәрбиелеген жас мамандар да ерекше бағалайды. Білгенін жастарға үйретуден ешқашан жалыққан емес. Әскери полигондарда ашық аспан астында ас дайындау сияқты қиын жұмыстарды да қайыспай атқарып келеді.

Оксана Валиева жастарға: «Жұмыстың жаманы болмайды, ең бастысы – өз ісінді шын ықыласпен орындау керек,» – деп кеңес береді. Адал еңбектің жемісі мен қадірін көріп, отбасына да үлгі бола білді. Жолдасы Рафаель Валиев те аталған әскери ұжымда бірге еңбек етіп келеді. Шаттыққа толы жанұя екі бала тәрбиелеп өсірді. Қызы Руфина анасының жолын қуып, бүгінде аспазшы-кондитер мамандығын игерді.

Оксана Валиева – еңбекпен өрілген ғұмыр иесі. Оның қажырлы жұмысы мен адалдығы, сарбаздарға деген аналық мейірімі өзгелерге үлгі боларлықтай. Мұндай еңбек адамдарының арқасында ел тыныштығы мен сарбаздардың мерейі арта бермек!

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара
басқармасынан.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Азамат Мұханов,
Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов,
Айдос Киргизбаев
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Нұрмет

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайытай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садыкова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Орал - Көлбай Айжан

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Аян Қайыр,
Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Касенова Майра
Немірдің кезекші редакторлары:
Ж.Кемел, О.Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті
2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

«ҰЛЫЛАРДЫҢ ИЗБАСАРЫСЫҢ, ҰЛЫМ!»

Өткен жексенбіде ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінде «Көктем – 2025» шақырылымының жас сарбаздары салтанатты түрде әскери ант қабылдады. Сарбаз өміріндегі айтулы шараға сымдай тартылған сарбаздармен қатар атқа мінер азаматтарына қолдау көрсетіп келген ата-аналар да ерекше көрік берді. Ел қорғау ісіне енді ғана араласқан ұлдарының алғашқы қадамдарын өз көзімен көріп, сәт-сапар тілеуге асыққан меймандарды жазар жазбамыздан тыс қалдыру өсте мүмкін болмады. Әлемдік тартылыс күшінің жазылмаған заңы саналатын ана мен бала арасындағы байланысты ойлы оқырманға ұсынбақпыз.

Бұл күні үлкен саптық алаңдағы трибуна төрінде қатардағы жауынгер Арман Айдынның анасы Шұға Жаранова мерзімді әскери қызметшілер мен жеке құрамды үлкен құрметпен құттықтады. Жүректен шыққан махаббат пен құштарлыққа толы жүрекжарды лебізі бүгінгі жазбамызға себеп болды.

– Ұлым. Бүгін міне әскери ант қабылдап, айбынды сарбаз атандың. Алдыңғы шепте сап түзеген жауынгерлердің қатарын толықтырып, нағыз Отан қорғаушы атандың. Біз сені осы үшін өсірдік. Тал бесіктен «қазаққа қызмет ет!» деп тәрбиенің дәнегін ектік. Еңбегіміз еш кетпеді. Сен намыстың туын жықпас қайсар ұл болып ер жеттің. Ендігі әскери қызметте абырой биігінен көрің, балам. Мен саған сенемін. Себебі сен батырлар өлкесінде толғатқан ұлылардың избасарысың. Ұсақталуға һақың жоқ. Әскерде жүріп, жасайтын әр қадамыңның алдында осыны жадында



сақта! Мемлекеттік шекара сенің жауапты қызметіңе мұқтаж. Бейбіт өмірдің тыныштығы мен мәңгілікпен табысуы сенің және қаруластарыңның қолында. Ендігі

жыл он екі айда бір-бірлеріңді жігерлендіріп, «Отан Сақшысы» деген атқа лайық болыңдар. Шекара шақырымдарындағы бейбітшіліктің бойтұмары өздерің!

Әскери ант қабылдау шарасына келген ата-аналардың қарасы қалың. Барлығының көзінде үміттің оты алаулаған. Ел үшін ер жеткізген ұлдары қара жерге қалқан болмаққа қару асынған. Бұл олар үшін мақтаныш һәм мәртебе. Бүгінгі көз қуантқан көрініс жылдар бойы берген білімі мен тәрбиесі тура жолдан адастырмағанының айқын айғағы, – деді Шұға Есетқызы.

Ана мен бала арасында байланыс – ең құдіретті күш. Мұны талай ақын жақұт жырына арқау етіп, таңды таңға ұрып жырлаған. Талай шығармаға арқау кіршіксіз сезім сыртқы сипаты сұсты көрінетін әскери саптық алаңды ажарландырып жібергендей. Департамент айналасында көптеп кезіге бермейтін сәтті сұлу сөзге сыйдырып, көптің назарына ұсынғымыз келгені де – осы. Ендеше, артылған үміттер ақталған. Жүйрік жылжитын жыл он екі ай зулап өте шығып, анасы мен баласы сағынысып қауышатын күнді жазсын. Сол уақыт алғыс арқалап қайтқан сарбаздардың ата-аналарына шекарашы жеке құрамның атынан алғысымызды жазармыз!..

Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ,
«OS-CP».
 Суретті түсірген автор.

«ҰЛТ БОЛАМ ДЕСЕҢ, ЭКРАНЫҢДЫ ТҮЗЕ!»

Қазақ халқының бала тәрбиесіне қатысты, әсіресе болашақ ұрпақтың отансүйгіш, ұлтжанды, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген саналы да парасатты азамат болып өсуіне байланысты «Тәрбие басы – тал бесік» деген қанатты сөзі бар. Ал жалпыұлттық дүниетанымды қалыптастыруға, халқымыздың кемел келбетін танытуға өнер мен білімнің, мәдениет пен әдебиеттің, теле-радио мен газет-журналдың, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының тигізер әсері зор екені бесенеден белгілі. Оның ішінде, алдыңғы буынды саналы азамат етіп өсіруге ықпал еткен, бүгінде елдің мәдени деңгейінің бірден бір көрсеткіші болып саналатын – кино өнерінің алар орны ерекше.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылдың наурыз айында өткізген Ұлттық құрылтай жиынында еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалымен қатар, халықтың саяси-идеологиялық мүддесіне сәйкес тарихи танымы мен мәдени ахуалын одан әрі көтеруге баса назар аударды.

«Ұлттық құрылтайда біз мәдени-гуманитарлық саланың және идеологияның жаңа бағдарын айқындаймыз. Осының бәрі ұлттық бірегейлігімізді нығайту және елімізді қарқынды дамыту үшін өте маңызды» дей келе, Мемлекет басшысы: «Негізгі құндылықтарымызды бұқаралық ақпарат құралдары мен креативті индустрия, әсіресе, кино, музыка және әдебиет арқылы дәріптеу аса маңызды. Салалық ведомство көпшіліктің қызығушылығын туғызатын тың жобалар ұсынуға тиіс» екендігін айтып, мәдени сала мамандарының негізгі жұмыс бағытын да көрсетіп берді.

Қатпарлы қарт тарихтан сыр шертіп қана қоймай, ел бойына

бірлік пен ерліктің қанын жүгіртіп, рухани деңгейін көтеріп, көңіл көкжиегін кеңейтетін фильмдерді көптеп түсіру бүгінгі кино индустрияның айнымас темірқазығына айналса еліміз үшін жан аямай еңбек етер жастардың қалыптасары сөзсіз.

Құрылтайда кешегі мен бүгінгі байланысына мән берген Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Жақында Алтын Орданың тарихы және әйгілі тұлғалары туралы көп сериялы деректі фильм түсіру үшін тиісті жұмыстар басталды. Оған шетелдің танымал мамандары тартылып жатыр. Фильм белгілі халықаралық платформалар арқылы көрсетілуі керек. Жалпы, елімізді әлемге таныту үшін Алтын Орда брендин жан-жақты және кеңінен пайдалану қажет» екендігін көпшілікке танытты.

Мемлекет басшысы: «Былыр Қазақстан ЮНЕСКО-ның



Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланды. Демек, біздің ұлттық мақтанышымыз – Үстірт қорығы, таңғажайып мұра – жерасты мешіттерің, «Таңбалы тастар мекенін», Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге айрықша назар аударған жөн» екендігін айқындады. Яғни, бабалардан қалған баға жетпес ұлттық мұралар туралы көркем және деректі фильмдер түсіру арқылы ел мәдениетін халықаралық сахнада паш ету киногерлерге жүктелген тағы бір басты міндет болмақ.

Құрылтайда ел қорғаған ерлердің есімін жадымызда жаңғырту, төл шежіреміздің ақтаңдақ беттерін ашу, дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыру, ақпараттық технологиялардың пайдасы мен зиянын айқындау, жастарды жағымсыз әдеттерден аулақ болуға шақыру, кітап оқуға баулу, жасөспірімдерді есірткі, соның ішінде синтетикалық есірткіден қорғау, оларды қауіпті кесел – лудомания, яғни ойынқұмарлықтан сақтандыру

сияқты ішкі саясатқа қатысты күрделі мәселелер де көтерілді. Яғни, кино, газет-журнал, әртүрлі әдебиеттер арқылы ұлт санасына әсер ету керектігі нақтыланды. Ол үшін Президент: «Қоғамға қауіпті кеселдермен күресуге зиялы қауым, ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, барлығы бір кісідей жұмылуы керек. Мұны әрбір азаматтың және бүкіл қоғамның міндеті деп түсіну қажет. Себебі бұл – ұлттың болашағына тікелей қатысы бар мәселе» деп, ортақ мүддені айқындап берді.

«Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» деген Мемлекет басшысы елдігіміздің тұғыры қашанда – берік, ұлтымыздың рухы – әрдайым асқақ екенін айта келе: «Соңғы жылдары креативті индустрия қарқынды дамып келеді. Қазақстанның мәдени толқыны кең қанат жайып, өрендеріміз аймақтық және жаһандық деңгейде таныла бастағаны кездейсоқтық емес. Ұлтымыздың орасан зор жасампаздық әлеуеті кино, музыка, әдебиет және өнердің басқа да

жаңа салаларында айқын көрініс тапқан. Креативті индустрия экономикамызды өркендетуге тың серпін беретініне сенемін» деп, сырт мамандарына сенім білдірді.

Ұлт болашағы туралы сөз бол-Цағанда, халқымыздың маңдайына біткен бірегей тұлғасы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең, бесіңді түзе!» деген нақылы еріксіз еске оралады. Яғни, жалындаған жастарды жарқын өмірге қанаттандыратын, ішкі мәдени сұранысты қанағаттандыратын, көзі қарақты көрерменнің көкейіндегісін дәл табатын, ұлттық құндылықтарды ұлықтай алатын, сырт елдердегі кинобәйгелерде мемлекеттіміздің атын аспанға шығаратын туындылар көп болса нұр үстіне нұр болар еді.

Ендеше, «Ұлт болам десең, экраныңды түзе!» деген ұранды ерқашан жадымызда ұстағанымыз абзал болмақ.

Майор Г. САДЫКОВА,
«OS-CP».
 Суреттер ғаламтор желісінен.